

- •Тұнышым, йұрттұшым деп, ұларға йердем кылдым.
- •Бала-шақаны сиғындым деп, үйімгә бардым.

üküş tiyin : nAkA qorqurbüz : az tiyin : nA basın alım : tAgAlim tidim : (көп деп неге қорқамыз, аз деп неге басындырамыз. Тисейік дедім.)

Қыскасы мақаламызда қазіргі ұйғыр тіліндегі dA сөзі арқылы көне түркі тіліндегі ti-ның кейбір мағынасы мен қызметі туралы кейбір анықтама жасадық. Дегенмен, мағынасы мен сөйлемдегі рөлі жағынан қарағанда, қазіргі ұйғыр тіліндегі dA сөзі даму барысында кейбір жаңа мағыналар мен қызметтер үстелгенін де байқаймыз. Біз мақаламыздың қажетіне сай тек қазіргі тілдегі dA сөзі мен көне түркі тіліндегі ti сөзді салыстыру арқылы көне түркі тіліндегі кейбір сөздердің мағынасы мен сөйлемдегі қызметін ішкерлей түсініуге көмегі болатындығын ғана ортаға қойдық. Алдағы күнде ілгерлей салыстырудың керектігін де ескертеміз.

Resume

The article deals with the lexical meaning of the verb and the role of «da» in the proposals and this is determined by the value and role of the verb «ti» in ancient Turkic language.

Özet

Makalede fiilin sözlük anlamının ve «da» fiilin değeri ve rolü teklif ve tespit edilmektedir. Ve bununla eski türk dilinde «ti» fiilin rölü araştırılmaktadır.

Резюме

В статье рассматривается лексическое значение и роль глагола «da» в предложениях и через этого определяется значение и роль глагола «ti» в древнотюркском языке.

ӘОЖ 811.512.122 (943.42)(510)

У Жинфың,
Ф.ғ.д., профессор,
Фан Гуочнян,
магистрант,
Іле педагогикалық университеті
Құлжа/Қытай

Қытайдағы қазақ тілінің диалектологиясының зерттелу жағдайы

Аңдатпа: Қытайдағы қазақ тілінің диалекті мәселесі - бастан аяқ тіл білімі саласындағылардың үздіксіз талқылана келе жатқан тақырып. Мақалада ҚХР құрылғаннан, әсіресе 20-ғасырдың 80-жылдарынан бері қарай қазақ тілінің диалектілерін зерттеудегі үш түрлі көзқарасты жинақтап көрсетумен бірге тіл білімінің теориясы мен әдістерін қолдана отырып, Қытайдағы қазақ тілінде диалект пен бірге говор да бар дейтін көзқарасты ортаға қояды.

Кілт сөздер: қытайдағы қазақ тілі, диалект, баға, зерттеу.

Диалект тілдің бір түрлі жергілікті тармақтары, тілдің жіктелуінің нәтижесі болып табылады. Диалект- объективті өмір сүретін қоғамдық болмыс, тарихи дамудың өнімі. Арқандай ұлттың тілінің дамуы барысында қашанда өзінің диалектіге жіктеліп барлыққа келеді. Әдетте тарихи даму барысы біршама ұзақ, қолданылу аясы кең, қолданатын адамдардың саны көбірек тілдердің диалекттері де біршама көбірек болады. Қытай тілі – міне, мұның жақсы мысалы. Оның солтүстік диалект районы, уу диалект районы, шиян диалект районы, ган диалект районы, қыжия диалект районы, юе диалект районы, «мин диалект районы қатарлы жеті диалект районына бөлінеді.

Бүкіл дүниедегі қазақ халқының саны шамамен 1 миллион 6 жүз мыңнан асады. Негізінен ҚР, РФ, ҚХР, сондай-ақ Моңғолия, Түркия, Пәкістан сынды мемлекеттерге қоныстанған. Қытайдағы қазақ халқының жан саны 1 миллион 5 жүз мыңнан астам болып, негізінен Шинжияның Іле қазақ автономиялы облысы және Баркөл қазақ автономиялы ауданына, Мори қазақ автономиялы ауданына, сонда-ақ Гансу өлкесінің Ақсай қазақ автономиялы ауданына қоныстанған.

Қазақ тілі - қазақ халқының қарым-қатынас жасаудағы ортақ тілі, тіл жүйесінен алып қарағанда, алтай тілдер жүйесінің түркі тілдер тобы қыпшақ тілі тармағына жатады. Тіл типінен алып қарағанда, ол типтік жалғамалы тілдерге жатады, морфологиялық өзгерістері мол болып келеді.

Қазақ тілінің диалекті туралы тексеру мен зерттеулер бұрынғы Кеңес одағының Қазақстан Республикасында 20-ғасырдың 30-жылдарының соңғы кезінде қолға алынған. Ең ертеде қазақ тілінің диалекті мәселесіне Ильминский және Алтай Аманжолов көңіл бөлген. Соңғысының бұл саладағы ғылыми еңбектері мол, ықпалы зор болған. «Қазақ тілі диалектологиясының мәселелері» (докторлық диссертациясы, 1948-жыл), «Қазақ тілі диалектінің зерттеудің тарихы» (Хабарлар, 1948-жылы), «Қазақ тілінің диалекті туралы» («Тіл білімі мәселелері», 1953-жылы), «Қазақ тілінің ерте заманғы рулар диалектінің кейбір материалдары туралы» («Хабарлар», 1954-жылы), «Қазіргі қазақ тілі диалектінің негіздері» («Хабарлар», 1955-жылы), «Қазақ тілінің тарихы және диалектологиясының мәселелері» (1959-жылы) сындылар. 20-ғасырдың 80-жылдарынан кейін жарық көрген ғылыми еңбектерден негізінен Атабаеваның «Қазақ тіліндегі сөздердің диалектік мағынасы» (Алматы, 1985-жылы), Айдаров пен Тұранның «Диалект лексикологиясы және тіл географиясының мәселелері» (Алматы, 1991-жылы) қатарлылар бар. Қазақ тілі диалектінің зерттеуші мамандар Қазақстан Республикасындағы негізгі диалект райондарын арнайы тексеру және зерттеу жүргізумен бірге шетелдегі қазақтардың тілдік ерекшелігіне де зерттеу алып барды. Диалекті тексеру-зерттеудің тереңдесуіне сай жұрт жалпы беттік қазақ тілінде диалекттік парық бар деп қарады, алайда әрбірінің диалектті жіктеудегі көзқарастары бір-біріне ұқсамайды. С. А. Аманжолов қатарлы мамандар қазақ тілін шығыс солтүстік, батыс оңтүстік, батыс деп үш диалектке бөлді, әрі былай бөлу қазақ халқының үш жүзімен байланысты деп қарады. Ж. Досқалиев қатарлылар батыс солтүстік, шығыс оңтүстік диалекті деп екі үлкен топқа бөлуді дәріптеді. Н.Т. Сауранбаев қатарлылар солтүстік және батыс, оңтүстік және шығыс диалекті деп екі үлкен топқа бөлу керек деп қарады. Осыдан кейін диалектті тексерген жаңа материалдар үздіксіз жарияланып тұрды. Алайда диалектті бөлу мәселесі туралы бірлікке келген көзқарас қалыптаспады. Осылай бола тұра, қазақ тілі диалектінің зерттеу ісі тоқтап-толастап қалған жоқ.

Қытай елінде 1955-жылы Шинжияндағы қазақ ұлтының тіліне бір рет зор көлемде тексеру алып барылған болатын. Тексеру нәтижесіне негізделгенде Шинжияндағы қазақтардың тілі мен Қазақстандағы қазақтардың әдеби тілі фонетика, грамматикалық құрылым, негізгі сөздік қор қатарлы жақтарда оншалық үлкен парық жоқ екендігі дәлелденді. 1956-жылы екінші рет қазақ тіліне тексеру алып барылды, тексеру материалына негізделі отырып, Орталық ұлттар институтындағы Гың Шымин мырза Қытайдағы қазақтардың тілінде батыс оңтүстік диалекті және шығыс оңтүстік диалекті сынды екі түрлі диалект бар, сондай-ақ бұл диалекттер қазақ руларымен тікелей байланысты, әрі шығыс солтүстік диалектінің таралу аумағы кең болғандықтан айналасындағы ортаға да ықпалы зор болып, оның ішкі бөлегінде говорлық парықтар да болады деп қарады. Алайда, қазақ тіл білімі саласындағылардың көзқарастары әр түрлі болып, кейбіреулері диалект бар, шығыс солтүстік диалект районы және батыс оңтүстік диалекті немесе батыс Іле диалект районы деп бөледі; кейбіреулері қазақ тілінде диалект жоқ, тек говор немесе жергілікті ерекшелік бар деп қарайды; кейбіреулер қытайдағы қазақ тілінің диалекттік ерекшеліктері онша айқын емес, диалект жоқ деп қарайды. Төменде бұл көзқарастар туралы бір бірден баяндаймыз.

2. Қытайдағы қазақ тілі диалектінің зерттеудің жағдайы туралы шолу

Қытайдағы қазақ тілі диалектінің зерттеу ісі 20-ғасырдың 80-жылдарынан бастап ресми басталған. Қазірге дейін 19 мақала жарияланып, 1 монография баспадан шықты. Олардың көзқарастарының ұқсастығына қарай оларды үш үлкен түрге бөлуге болады:

Бірінші, казак тілінде диалект бар деп қарайтын ғылыми мақалалар:

Гың Шымин мырзаның «Қытайдағы казак тілі диалектін жіктеу» деген мақаласында: “бірнеше реткі тексеру материалына негізделгенде, Қытайдағы казак тілін алғашқы адымда шығыс солтүстік диалекті және батыс оңтүстік диалекті деп екі диалектке бөлуге болады. Шығыс солтүстік диалекті қамтитын райондары кеңірек, жан саны да көбірек, ол Қытайдағы казак әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы барысында жетекшілік рөл атқарады. Бұл диалект районына Іле казак автономиялы облысының Алтай аймағы, Тарбағатай аймағы, Нылы және Құнес қатарлы екі төте қарасты аудан, сондай-ақ Іле казак автономиялы облыстан тысқарғы Бұратала Мұңғыл облысы, Үрімжі ауданы, Мори казак автономиялы ауданы, Баркол казак автономиялы ауданы, Гансу өлкесі Ақсай казак автономиялы ауданы қатарлы жерлер қамтылады. Батыс оңтүстік диалектіне Іле казак облысының Текес, Шапшал, Қорғас, Құлжа ауданы қатарлы төте қарасты аудандар қамтылады (бұрынғы әкімшілік райондардың бөлінісі бойынша Құнес, Нылы екі ауданнан сырт бүкіл Іле аймағын көрсетеді). Көңіл бөлуге татитыны Қытайдағы казак тілі диалекттік парық рулық құрылымымен тығыз байланысты деген пікір. Шығыс оңтүстік диалектіне керей, найман, сондай-ақ қызай қатарлы үш негізгі ру тәуелді болады. Батыс оңтүстік диалектіне албан, суан, қатарлы екі ру тәуелді болады. Ілеге Төте қарасты аудандарда (Құлжа ауданы, Шапшал) қызай және албан руларының адамдары бір ауданда тұрғанымен, тіл жағындағы кейбір парықтар өте анық білінеді” [1, 60] дегенді дәріптейді.

Қанат Шәріпқанұлының «Қазак тілінің диалекті мәселесі туралы» дейтін мақаласында “Қытайдағы казак руларының қоныстану ахуалына, әрі олардың әкімшілік райондарына негізделгенде шығыс-солтүстік диалект районы және батыс Іле диалект районы деп бөлуге болады. Шығыс-солтүстік диалект районы – керей, найман, уак қатарлы руларды өз ішіне қамтиды. Олар Іле казак автономиялы облысының Алтай, Іле, Тарбағатай аймағына және Іле аймағының қызай руы шоғырланып қоныстанған Құнес ауданы, Бұратала Мұңғыл облысының Арасан, Жың аудандары, Санжы Хұйзу облысының Манас, Құтыби, Фуқан, Мичуан, Жемсары, Читай, Мори Қазак автономиялы ауданы, Құмыл аймағының Баркол казак автономиялы ауданы, Аратұрық ауданы, Гансу, Чинхай өлкесінің Ақсай, Алтыншоқы аудандары қатарлы жерлерге қоныстанған. Батыс Іле диалект районы Іле аймағының Текес, Шапшал, Қорғас, Құлжа ауданы, тоғызтарау, Мұңгілкүре қатарлыларды өз ішіне қамтиды” [2, 25 -26] деп қарайды.

“Шығыс солтүстік диалект районының аумағы кең, жан саны мол. Бұл диалект Қытай казактарының әдеби тілін нормаға түсіру және дамытуда бұрын немесе қазір болсын қашанда өте маңызды рөл атқарған және атқара да береді. Сондықтан шығыс солтүстік диалекті қытай казактарының өлшемді (ортақ) тілі болып табылады. Алайда шығыс солтүстік диалект районының шығыс жағы – Баркол, Мори, Ақсай, Алтыншоқыға дейін созылып барады; батыс жағы – Бұратала Мұңғыл облысы мен Іле аймағына дейін, солтүстік жағы – алтай, Тарбағатай аймағын қамтиды; оңтүстік жағы – Еренқабырға бөктеріндегі Санжы Хұйзу облысының бірнеше ауданы мен Үрімжі ауданын өз ішіне қамтиды. Сондықтан, шығыс-солтүстік диалект райондарындағы казактар бытыраңқы қоныстанған, экономикалық жағдайы алуан түрлі, мәдениет, оқу-ағарту салалары да біркелкі емес, басқа ұлттармен қарым-қатынасы да алуан түрлі. Сондықтан олардың ішкі жағынан говорлық парықтар жарыққа шыққан [2, 27] “деген қозқарасты ұстанады.

Оқабай Тойынбаевтың «Қазак тілі диалекттері туралы бір-екі сөз» дейтін мақаласында “диалекттердің тарихи, географиялық жағдайларға байланысты болатындығын жоғарыда айтып өттік. Еліміз казактарының тарихына көз жіберсек, мұнда казактың үш жүзінен де бар, орта жүзге кіретін рулар біршама көп. Одан қалса ұлы жүзге кіретін рулар бар. Ал кіші жүзге кіретін рулар некен-саяқ кезігеді. Географиялық жақтан, Тяньшан тауының солтүстігі мен Алтай, Тарбағатай тауларының оңтүстігін, Іле, Жоңғар ойпаттары мен Ертіс өзенінің жағасын, одан шығысқа қарай созылып, Үрімжі, Құмыл аймақтарын, Гансу, Чинхай өлкелерінің ішінара өңірлерін мекендейді. Ертеде жол қатынасының қолайсыздығы, мәдениет, сауда қарым-қатынасының өркендемеуі, әсіресе баспа сөз, радио істерінің жоқтың қасы болуы салдарынан бұл өңірлерді мекендеген рулар мен тайпалардың өзара барыс-келісі тым сирек болып келген, осыған байланысты олардың арасында белгілі тілдік айырмашылықтар, диалекттер өмір сүрген. Тілімізге тарихи себептерге байланысты араб, парсы тілдерінен, моңғол, шағатай тілдерінен, түркі халықтарының тілдерінен

және орыс, ханзу тілдерінен енген сөздерде әр жерде әр түрлі қалыптасқандығы мәлім»[3, 32] деп қарайды.

Қабимолла Мәнжібаевтің «Қазақ тілінің диалектологиясы жайында» деген мақаласында "Әрқандай ұлттың мәдениеті, әдебиеті, көркемөнері кілең қыршықсыз дамыған емес, өзінен басқа қоныстас, көршілес ұлттардың ықпалына ұшырап отырады, атап айтқанда мәдениет алмасу, өзара үйрену болып отырады. Бұл да көршілес отырған ұлттардың тіліне белгілі ықпал жасайды. Кейде, бір ұлттың тілі екінші ұлттың тілі болып қалыптасып ауыз екі тілінде қолданылады, сондықтан қазақтың рулары да өзіне көршілес отырған басқа ұлттардың тілінен тіл алмаған, басқа ұлттардың ауыз екі сөзінен қазаққа сөз кіргізбеген деуге тіпті де болмайды. Міне осы сияқты барыс-келіс, алым-берім арқылы қазақта да өзіне тән белгілі сөздер қалыптасқан, тіпті мұның өзі сол рудың ауыз екі тіліне айналып, диалектологиялық тілі болған десек те тым асырғандық болмайды"[4, 54] деп есептейді.

Әбдібектің «Диалектизм және оның әдеби тілімен қатысы туралы» деген мақаласында: "диалект – жалпы халықтық ұлттық тілдің өзіндік ерекшелігі бар тармағы, бөлігі. Ол говор немесе жергілікті сөйлеу тілі деп те аталады. Демек диалект белгілі бір жерде, аймақта ғана қолданылатын тілдік ерекшеліктердің жиынтығын білдіреді. Диалектімен халықтың белгілі бір бөлігі ғана сөйлейді. Ол жалпы халықтық тілге бағынады. Тілдің говорлар мен диалекттерге бөлінуі – оның ғасырлардан келе жатқан көне тарихына байланысты құбылыс. Қазақ тілінде диалект терминімен бірге говор да қолданылады. Говорлар диалектке қарағанда өзара бір-біріне едәуір жақын болады. Тілдегі диалекттік ерекшеліктер нақтылы жағдайға байланысты бірде дамып өркендеп, бірде солғындап жойылып жетіп отырады. Диалекті говор, говорлар тобы жалпы ұлттық тіл аясына ене отырып, әдеби тілді соны элементтермен байытады"[5, 1] деп қарайды.

Ақберді Изатбекұлы «Диалект пен әдеби тілдің қатынасы туралы аз сөз» дейтін мақаласында "жалпы халықтық тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жақтардан өзіндік ерекшелігі бар бөлегі диалект деп аталады. Диалектті бір ұлт халқының бір бөлігі ғана қолданады. Қазақ тілінің диалекттері өзіміз бірге жасап отырған ханзу, ұйғыр ұлттарының диалекттерінен аз, осы себепті жақынғы жылдарға дейін тіл зерттеушілер қазақ тілінде бірен-саран сөзді есепке алмағанда, диалект жоқ, говорлар диалектке қарағанда бір-бірінен онша парықталмайын сөздер ғана бар деп есептеп келеді. Соңғы жылдары тіл мамандары кең көлемді зерттеу жүргізіп, қазақ тілінде де диалекттің бар екендігін толық тұрақтандырды"[6, 1]дейтін көзқарасты ортаға қойды.

Жоу Яшыңның «қазақ руларының қазақ тілі диалектін қалыптастырудағы рөлі» дейтін мақаласында былай деп қарайды: "қазақ ұлты-рулық құрылымды басты қоғамдық ұйымдасу формасы еткен ұлт, оларда ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз дейтін үш жүз бар. Әр бір үлкен рулар тағы да кіші руларға бөлінеді. ... Рулардың мәдениет паркы да тіл жағынан бейнеленеді, рулар мен рулар арасында диалект бар, ал диалекттің қалыптасуы руларды негіз етеді, ұқсас рулардың ұқсамайтын районадағы тілі ұқсас болады. Ұқсамайтын рулардың ұқсас бір райнда тілдік паркы болады. Мысалы, Алтай, Тарбағатай, Баркөл, Мори, гансудың Ақсайы сондай-ақ Чинхайдың ішінара жерлеріндегі қазақтардың көп бөлімі орта жүзге тән болғандықтан олардың тілі мен тұрмысы Іленің Текес, Құлжа ауданындағы қазақтардың басым көп бөлім тілінің фонетика, лексика, граматика жақтарында парықтар бар болып, екі түрлі ұқсамайтын диалектке тән деп қаралады. ...қазақ ұлтының руларына сондай-ақ диалекттеріне талдау жасау арқылы қазақ тілінің диалектінің қалыптасуында рулар басты рөл атқарған деген көзқарасқа келдім, рулық құрлымының түрлі-түсті функциясы, сондай-ақ осыдан бейнеленетін көп түрлі салт-сана диалектті барлыққа келтірген. Қазақ тілі диалекті мен басқа түркі тілі диалекттерін салыстыратын болсақ, паркы өте кішкене, міне бұл румен де тікелей байланысты, рулардың функциясы рулардың жартылай тұйықталған сипатын тудырып диалектті барлыққа келтірген, сонымен бірге руларда диалекттің дамуын тежеген"[7,232-233].

Моркан Кемелханның «Буыршын ауданы Қызылқабакта тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер» деген мақаласында: "тілдің диалектілік ерекшелігін зерттеуде ат тергеуді қалыс қалдыруға болмайды, ол - диалектті тудырған және бір түрлі фактор. Бірінші, ат тергеу қоғамдағы орны, ықпалы жағынан говордан жоғары тұрады. Екінші, өңірлік говорлардың

пайда болуының әр түрлі себебі бар, ал ат тергеу тек бір ғана себептен немесе ат тергеуден пайда болады. Үшінші, өңірлік говордың дараланған тұрақты өлшемді құрылым жүйесі жоқ, жасалу тегін табу қиын. Ал ат тергеудің құрылымдық жүйесінен алғанда, тіл құрылым формасының ең қышы құрылым формасы буындық құрылымға дейін тергеп, құрылымдағы ең төменгі шек буынды өлшем етеді. Диалектті зерттеуде ұлттың даралық ерекшелігіне қоңыл бөлу керек, ат тергеу қазақ тілінің бір түрлі ерекшелігі. Осылай еткенде ғана қазақ тілінің диалект мәселесін анағұрлым жақсы зерттеуге болады» [8,9-11] деп қарайды.

Уаң Лизыңның «Қазақ тілінің диалектін сондай-ақ оның фонетикалық ерекшелігін зерттеу», «Қазақ тіліндегі диалект сөздер сондай-ақ оның ерекшеліктері», «Қазақ тілі диалектінің морфологиялық өзгерісі» дейтін үш мақаласы мен «Қазақ тілі диалекті туралы шолу» дейтін кітабы тек ел іші-сыртындағы қазақ тілі диалектін зерттеудің жағдайына жалпы шолу жасайды, алайда қозғарасы айқын, яғни қазақ тілінде диалект бар деп қарайды.

Екінші, қазақ тілінде диалект жоқ, тек говор немесе жергілікті ерекшелік бар деп қарайтын мақалалар:

Омархан Асылұлының «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері туралы» дейтін мақаласында «қазақ тілінің диалектологиясы зерттеу мәселесі қазақ халқының этнографиясын зерттеу мәселесімен тіке қатысты. Тарихта қазақ халқы - көптеген рулардан құралған ұлт. Әсіресе қазақ халқының қоныстану мәселесі қазақ тілі диалектінің қалыптасуындағы негізгі фактор болып табылады» [9, 35-47] деп қарайды.

Дүкенбай Пазари «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері туралы» атты еңбегінде «тіліміздің тарихында рулық, тайпалық диалектілер болған. Мұндай ерекшеліктер • • • ғасырға дейінгі көне қазақ тілдерінде көбірек байқалған. Бірақ тіліміздің қазіргі даму сатысында яғни қазіргі қазақ тілінде сол кездердегі сияқты кілең рулық, тайпалық диалекті байқалмайды. Өйткені осы кезде қазақ ұлтының ру, тайпалары және олардың кейінгі ұрпақтары бір-біріне араласпай, жеке-дара тұрмайды, сондықтан кейінгі әр түрлі диалекттер арасындағы парықтар біртіндеп солғындап, тек жергілікті ерекшеліктер ғана сақталып қалған. Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінде, қазақ тілінің жалпы сөздік қорынан (лексикасынан) бөлектенген және қазіргі қазақ әдеби тілінен оқшау тұратын диалект жоқ» [10, 77-79] дейтін көзқарасты ортаға қояды.

Қабылғазы Мұқсенұлы «Еліміз қазақтарының диалект мәселесі сөз болғанда» дейтін еңбегінде былай деп қарайды: «Әрқандай ұлттың өзіне тән тілдік ерекшелігі болады. Оның қалыптасу барысында ру тілі, тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі сатыларын басып өтеді. Қазақ тілі тарихында, рулық, тайпалық диалекттер болғаны рас, бірақ ол сонау • • • ғасырға дейінгі көне қазақ тілінде көбірек байқалған.... • • • ғасырдан қазірге дейін сан қилы дәуір өзгерістері болып өтті. Еліміз азат болғаннан бергі 30 жыл ішінде қазақ тілі аз болмаған өзгерістерді басынап кешірді. Әдеби тілімізде қалыпка түсіп, кейбір диалекттерді өзіне сіңіріп дами бастады. ... Диалект дегеніміз – жалпы халық тілінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жақтардан өзіндік ерекшелігі бар бөлігі. Қазіргі қазақ тіліндегі диалект деп жүрген сөздердің ішінарасы болмаса, көп сандысы фонетикалық жақтан бірер дыбыстың өзгеруімен ғана әнтек парықталатын сөздер. Сондықтан бұларды диалект деуден гөрі вариант десе болатындай... Қорытын айтқанда, еліміз қазақтарының тілінде кілең диалект жоқ деуге болады, тек кейбір жерлік ерекшеліктер бар» [11, 30-31].

Әлімбек Мамырбекұлы «Тіліміздегі жергілікті ерекшеліктер туралы» дейтін мақаласында «еліміз қазақтарының тілдік құрылымы және отырақтану жағдайынан алғанда, тілімізде диалекттік қасиеттен гөрі говорлық қасиет көрнекті. Бірақ бұл мәселе де говор тоны көбінесе диалектке жабылып кетіп жүр. Дегенмен екеуінің ортасында айқын парықтар да бар. ... Қазірге дейін қазақ тілі диалекті мәселесі жөнінде қазақ тілі саласындағылардың ұқсамайтын көзқарас бар. Міне, біз бұлардан диалект және говор сынды екі ұғымның мәндік парықтағы екі нәрсе екенін, сонымен бірге әрқандай бір диалекттік сипат алған тілдік тұлғада тілдік немесе фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қасиеттердің көрнекті болатындығын, ал говорларда лексикалық және фонетикалық айырмалардың айқын болатындығын көре аламыз. Сондықтан да диалект дегеніміздің өзі белгілі бір районға ғана таныс, басқа райондарға бейтаныс болатын тілдік өзгешелік. Говор болса, жалпы ұлт тілінде ортақ қолданылмайтын, сөйлеу тілінде көп ұшырайтын,

жерлік түсі айқын сөздік ерекшелік. Говорлар бір ұлт тілінің сөздік қорында маңызды орын иеленген болады. Өйткені говорлардың қолданылу көлемі және өміршеңдік қуаты жағынан алғанда, ол мәңгі қатып-семген нәрсе емес. Күнделікті тұрмыстың қажетіне сай говорлар кейде өз туған топырағынан алқып та отырады. Мұндай жағдай да әрқандай бір ұлт тілі өміршеңдігі зор, бейнелеу қуаты күшті говорлардан өз сөздік қорына үнемі кіріктіріп оны байытып отырады“[12, 9-12]дейтін көзқарасты ортаға қояды.

Ғалым Жұмашұлы «Қазақ тілінің жергілікті айырмашылықтары жөнінде» дейтін мақаласында былай деп қарайды: ”1981-жылы Іле өңіріндегі албан, суан руларының тілі жөнінде тексеріп-зерттеу жүргізген зерттеуші Омархан Асылұлының «Қазақ тілінің жергілікті ерекшелігі» атты мақаласында албан руының тілінде басқа өңірлердегі қазақтардың тілінен парыкталатын бір бөлім фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктің барлығы баяндалған болатын. Бірақ осы мақалалар мен еңбектердегі тілдік материалдарға қарағанда, албан, суан тіліндегі айырмашылықтар негізінен лексикалық жақтағы айырым сөздер мен атаулардың қолданылуындағы ұқсастықтар ғана. Ал, фонетикалық жақтағы құбылыстар деп мысалға келтіргендері көбінекей сөйлеу тілі мен әдеби тілдегі айырмашылыққа саятын құбылыстар. Грамматикалық жақтағы құбылыстар деп көрсеткендері де пәлендей жүйелі құбылыстар емес. Сондықтан бұл айырмашылықтарды диалекттік айырмашылықтар деуге келмейді. Мықтағанда говорлық айырмашылықтар десе болар“[13, 5-6].

Айдана Дутанқызының «Жергілікті тіл ерекшелігі жайлы зерттеулерді зерделегенде» дейтін мақаласында ”жоғарыдағы мақалаларға зер салғанымызда, оларда мынадай үш түрлі көзқарас өмір сүргендігін айқын сезінеміз: бірінші, оқымысты, зерттеушілер еліміздегі қазақтардың тілі бірлікке келген тіл, жер-жердегі қазақтар бір-бірімен емін-еркін пікірлесіп, сөйлесе алады, олардың тілінде пәлендей зор айырмашылық жоқ, тек говорлық айырмашылықтар ғана бар, мұны да нақтылы зерттеулер арқылы тұрақтандыруға болады, бұл пәлендей үлкен мәселе емес деп көрсетеді. Екінші, енді бір бөлім зерттеу мақалаларында жалпы халықтық әдеби тілімізден окшау тұратын диалект жоқ, ішінара говорлар ғана бар деп, еліміз қазақтарының сөйлеу тіліндегі мұндай айырмашылықтарды көбінесе лексикалық жақтан талдап, бір бөлім атаулардың жалпы халықтық қолданыстан парықты болып келетін жақтарын нақтылы мысалдар арқылы салыстырып көрсетеді. Үшінші, тағы бір бөлім зерттеулерде еліміз қазақтарының тілін шығыс-солтүстік диалекті және батыс-оңтүстік диалекті деп бөліп, бұлардың қолданылатын өңірін және айырмашылықтарын фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтан талдау жасап көрсетеді, яки мұндай жергілікті ерекшелік мәселесін диалект дәрежесіне көтеріп зерттейді. ... Қатысты материалдар мен зерттермендердің ғылыми қорытындысына негізделгенде, бір тілдің диалекті болуы ұшын грамматикалық айырмашылығы, ерекше негіздік сөздік қоры болумен бірге, тарихи жасалу жағынан, көбінесе ру тілінің қалдығы болады, әрі негізінен территориялық ерекшелікке байланысты туады. Кейде диалекттер ұлт тілінің негізін жасайды әрі өз алдына дербес ұлт тілі дәрежесіне дейін өрістеп дамиды. Мысалы қазіргі заман ханзу тілінде жеті үлкен диалект бар. Мұның ішінде солтүстік диалекті таралу көлемі кең, ханзулар жалпы санының 73 пайызын қамтып отыр. Ал, бізде бөлек диалект дейтін тілдік ерекшелік жоқ. Жоғарыдағыдай ерекшеліктерді де мен мұндағалата алмайды. Бұл ерекшеліктер қазақ тілінде диалект емес, говор бар екендігін одан ары айқындай түседі“[14, 79-81]деп қарайды.

Айдар Мыркамалұлының «Шапшалдағы қазақ тілінің ерекшелігі» дейтін мақаласында ”үлкен жағынан алып айтқанда, еліміздің ұқсамаған райондарындағы қазақ тілінде оншалық үлкен парықтар жоқ. Алайда ішінара райондардағы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері бар, мұның ішіндегі ең көрнектісі Іле қазақ автономиялы облысының шапшал ауданындағы қазақ тілі, ... Шапшалдағы қазақ тілінің дауысты дыбысы мен дауыссыз дыбысы және әдеби тілінде белгілі парық бар. Бұл парық негізінен дыбыс сәйкестігінен бейнеленеді. ... Шапшалдағы қазақ тіліндегі сөз қолдануы және әдеби тілде белгілі парықтар бар. Бұл парықтар мәлім дәрежеде маңайындағы райондағы қазақ тіліне ықпал жасаған. ... Шапшал мен Текес, Тоғызтарау қатарлы аудандардағы қазақтар албан, суан руларына тән. Шапшалдағы қазақ тілі мен Қазақстандағы қазақ тілінің оңтүстік бөлігіндегі жерлік тіл тобы, әсіресе, тобыл және қостанай районындағы қазақ тілінің ерекшелігі өте жақын, міне бұдан албан, суан руларының тілдік ерекшеліктерінің қалыптасуы мен

казакстандағы казак халқының ұлы жүзінің тілімен байланысының өте тығыз екендігі байқалады»[15, 46-49] деген көзқарасын ортаға қояды.

Үшінші, казак тілінде диалект жоқ деп қарайтын мақалалар

Тұрсын Балғабайұлының «Қазак тілінің диалекттері туралы бірнеше пікір» дейтін мақаласында мынадай көзқарасты ортаға қояды: "казак тілінің диалекттері жайлы қазір елімізде тұрақтанған, кемелді, ғылыми тұжырым жоқ (ал шетелдерде бар немесе жоғын біле алмадық). Сондықтан ол әлі де зерттеп ізденуді талап етеді. Десе де казак тілінде диалектілік ерекшеліктердің онша бейнеленбеуі тіліміздегі құрмет етпесе болмайтын ғылыми факт. Бұл тіліміздің міні емес, қайта ана тіліміздің ұзақ уақыттық тарихи дамуы белгілеген тұтастықтың жемісі»[16, 28].

3. Зерттеулерге баға және біздің көзқарасымыз:

Жоғарыда аталған 20 ғылыми еңбектің 12-сі Қытайдағы казак тілінде диалект бар деп қарайды, ол 60 пайызды ұстайды; 7 ғылыми еңбек казак тілінде диалект жоқ, тек говор немесе жерлік ерекшелік бар деп қарайды, ол 35 пайызды ұстайды; тек 1 ғана ғылыми еңбек казак тілінде диалект жоқ дейтін көзқарасты ортаға қояды, ол тек 5 пайызды ғана ұстайды. Төменде біз тіл білімінің теориясы мен әдістерін қолдана отырып аталмыш көзқарастарға баға береміз және өз көзқарастарымызды ортаға қоямыз.

Ең алдымен, диалект пен ортақ тіл, говор арасындағы байланыс туралы көзқарасымызды баяндаймыз. Тіл білімі теориясы диалект дегеніміз жалпы халықтық тілдің тармағы, жалпы халықтық тілдің жерлік варианты деп қарайды. Диалект - мәлім қоғамның мәлім бір районындағы қолданатын, өзіндік ерекшелікке ие тілдік құбылыс. Алайда диалект ортақ тіл немесе басқада диалекттердің оқылуы мен сөздеріне ұқсамайтын жеке даралықты көрсетпейді, қайта ортақ тілмен ұқсас жерлерді өз ішіне алған, лексика және грамматикадан құралған бір тұтас жүйені көрсетеді.

Жалпылық жақтан алып айтқанда, диалекттер арасындағы айырмашылық ең алдымен фонетикалық жақтан бейнеленеді. Ұқсас бір тілдің ұқсамайтын диалекттерінің лексикалық жақтан да белгілі парықтары болады, сөздік құрамдағы кейбір сөздер ұқсамаумен бірге сөздік қордағы кейбір сөздер де ұқсамауы мүмкін. Диалекттер арасындағы грамматикалық парықтар біршама кішкене болады.

Фонетика, лексика, грамматика арасындағы ұқсастық бір диалект районының ішкі бөлегіндегі әр бір аймақтар арасында да өмір сүруі мүмкін, осылайша бір диалекттің өзі қосымша бірнеше тармақ диалектке жіктелуіне болады, қосымша тармақ диалекттің ішінде ұқсамаған қалашықтардың тұрғындары және де ұқсамайтын говорларды қолдануы мүмкін. Әр түрлі тілдің әр бір диалекттері негізінен қарайлас болуы мүмкін, тек ішінара дыбыстарды және сөздерді оқуда аздаған парықтар болады. Осылайша ұқсамайтын диалектпен сөйлейтін адамдар өзара сөйлескенде негізінен ұғыспастық туылмайды. Үлкен диалект пен тармақ қосымша диалект, жерлік тіл арасындағы парық тіпті де кішкене болады, әуелі кейбір тілдерде тармақ диалекттерге және говорға бөлудің қажеті жоқ. Алайда кейбір тілдердің диалекттік паркы өте үлкен болғандықтан болғандықтан екі түрлі диалектті қолданатын адамдар сөйлескенде өзара түсінесе алмайды, әуелі ұқсас бір диалект районындағы ұқсамайтын тармақ диалектпен немесе ұқсамайтын говормен сөйлесетін адамдар да өзара әңгімелесіп түсінісуі қиын болуы мүмкін. Бір түрлі тілдің диалектіндегі айырмашылық қаншалық үлкен болғанымен де қашанда едәуір көрнекті ортақтыққа ие болады. Ұқсамайтын фонетикалық құбылыстар арасында әрдайым белгілі жақтан ортақ заңдылықтарға сәйкесті байланыстар болады. Бір түрлі тілдің әр бір диалекттері лексикалық жақтан едәуір парықтары болғанымен әр бір диалекттердегі сөздердің басым көп сандысы ұқсас болады. Әр бір диалекттің грамматикасы жөнінен алғанда, олардың арасындағы ортақтық әдетте ұқсастыққа қарағанда көбірек болады.

Бір қоғамның барлық мүшесі жалпы беттік қолданатын тілді ортақ тіл деп аталады. Ортақ тіл әдетте бір түрлі диалект негізінде қалыптасады. Мұндай ортақ тілдің келу қайнары болған диалект негіздік диалект деп аталады.

Ортақ тілдің лексикасы мен грамматикасы - негіздік диалектті өзінің басты келу қайнары мен негізі етеді, алайда оның фонетикалық жүйесі тек негіздік диалект районының ішіндегі бір

жердің фонетикалық жүйесін таған етеді, әдетте басқада араласпа фонетикалық жүйе құрамдарын араластыруының қажеті жоқ немесе олай ету тиімсіз болады.

Ортақ тіл негіздік диалектті өзінің негізі етуден сырт, тағы да басқада диалекттер мен өз ұлтымен тіке немесе жанама байланысы бар тілдерден де тілдік құрамдарды қабылдап отырады. Мұнан сырт, ортақ тіл және де саяси тіл, ғылыми термин кәсіптік тілдерден өзіне қажетті сөздерді қабылдап отырады. Ортақ тіл мен барлық диалект (негіздік диалектті де өз ішіне қамтиды) өзара салыстырғанда ол қашан да өте бай болады.

Жоғарыдағы байымдаулардан біз: диалект пен ортақ тіл және говор арасында тығыз байланыс бар, диалект ортақ тілді қалыптастырудың негізі, говор диалекттен кейінгі ұғым, диалекттің бір түріне тән дейтін қорытынды шығара аламыз.

Осы негізде біз жоғарыда баяндалған екінші түрлі көзқарасқа қайталай назар аударып қарайтын болсақ, бұл көзқарасты ұстанғандардың диалект пен говордың байланысын мүлде айқындастыра алмай, екеуін бүкілдей бір-біріне қарама-қарсы қойғандығын көруге болады. Әсілінде мейлі "говорды" айтсын, әлде "жерлік ерекшелікті" айтсын олардың барлығы дерлік "диалект" категориясына тәуелді болады. Осы тұрғыдан алып айтқанда, қазақ тілінде диалект бар қарайтын көзқарастағылардың салыстырмасы 95 пайызға жетеді. Қазақ тілінде диалект жоқ деп қарайтын бір адамның көзқарасы көпшілікке уәкілдік ете алмайтындығы бесенеден белгілі. Олай болса, біз Қытайдағы қазақ тілінде Қазақстандағы қазақ тілі сияқты диалект болумен бірге, говор да бар деп батылдықпен айта аламыз. Ал, оларды қалай жіктеу, қалай атау мәселесіне қазақ тіліне жан-жақты тексеру-зерттеу жасағаннан кейін қорытынды шығарамыз.

Әдебиеттер

- 1 Гың Шымин. Қытайдағы қазақ тілі диалекттерін жіктеу. – Бейжің. Орталық ұлттар университеті баспасы (қытай тілінде). 2005, (5): 60-63 б.
- 2 Шәріпқанұлы Қ. Қазақ тілінің диалекті мәселесі. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1986, (3):24-27 б.
- 3 Тойынбаев О. Қазақ тілінің диалекттері туралы бір-екі сөз]. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1983, (3):31-35 б.
- 4 Мәнжібаев Қ. Қазақ тілінің диалектологиясы жайында. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1986, (2):54-56.
- 5 Әбдібек . Диалектизм және оның әдеби тілмен қатысы туралы. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1984, (1):1 б.
- 6 Акберді Изатбекұлы. Диалект пен әдеби тілдің қатынасы туралы аз сөз. - Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1984, (1):24-27 б.
- 7 Жоу Яшың. Қазақ руларының қазақ тілі диалектінің қалыптасуындағы рөлі. - Бейжің. Орталық ұлттар университеті баспасы (қытай тілінде). 1995, (2): 232-236.
- 8 Кемелқанұлы М. Буыршын ауданы Қызылқабақта тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1994, (3): 6-11 б.
- 9 Асылұлы О. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1983, (3): 35-47 б.
- 10 Назари Д. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1985, (1): 77-79 б.
- 11 Мұқсенұлы Қ. Еліміз қазақтарының диалект мәселесі сөз болғанда. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1993, (1): 30-31 б.
- 12 Мамырбекұлы Ә. Тіліміздегі жергілікті ерекшеліктер. Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1988, (2): 9-12.
- 13 Жұмашұлы Ғ. Қазақ тілінің жергілікті айырмашылықтары жөнінде. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 2003, (4): 5-6 б.
- 14 Дутанқызы А. Жергілікті тіл ерекшелігі жайлы зерттеулерді зерделегенде. – Шыңжаң: Шыңжаң қоғамдық ғылымы баспасы (қазақ тілінде). 2005, (4): 79-81 б.

15 Мыркамалұлы А. Шаппалдағы қазақ тілінің ерекшеліктері[j]. - Бейжің. Орталық ұлттар университеті баспасы (қытай тілінде). 2005, (4): 46-49 б.

16 Балғабайұлы Т. Қазақ тілінің диалекттері жайлы бірнеше пікір. – Құлжа: Тіл және аударма (қазақ тілінде). 1983, (1): 28-33 б.

17 Уаң Лизың. Қазақ тілі диалектін сондай-ақ оның фонетикалық ерекшеліктерін зерттеу. – Құлжа: Тіл және аударма (қытай тілінде). 1999, (3): 22-25 б.

18 Уаң Лизың. Қазақ тілі диалектінің морфологиялық жақтағы ерекшеліктері. – Құлжа: Тіл және аударма (қытай тілінде). 1999, (4): 17-21 б.

19 Уаң Лизың. Қазақ тілі диалект сөздері сондай-ақ оның ерекшеліктері туралы. - Бейжің. Орталық ұлттар университеті баспасы. (қытай тілінде). 2000, (1): 67-70 б.

Resume

The article is devoted to the study of the problems of the Kazakh dialects in China. Summarizing the results of research in the field of dialectology and analyzing three main views to this issue, the author expresses his opinion about what the Kazakh language in China, there are dialects and sub-dialects.

Özet

Makalede Çin'deki Kazak lehçelerini sorunları araştırılmış. Diyalektoloji alanında yapılan araştırma sonuçları bu konuda Çin'de Kazak dilinde üç ana görüş analiz çıkartarak, Çin kazaklarında lehçeler ve alt-lehçeler var olduğunu ortaya çıkarıyor.

Резюме

Статья посвящена проблемам изучения казахской диалектологии в КНР. Обобщая результатов исследования в области диалектологии и анализируя три основных взглядов к этому вопросу, автор высказывает свое мнение, о том что на казахском языке в Китае существуют диалекты и говоры.

ӘОЖ 811.111:004

D.B. Khamidullina,
Student of Master Program,
Suleyman Demirel University
Almaty/Kazakhstan

The Benefits of Using Interactive Whiteboard in ELT to Young Learners

Annotation: This paper will discuss one of the latest technical equipments, the Interactive Whiteboard (IWB). Consequently, the aim of this paper is not only to inform but primarily create some additional interactive whiteboard materials for educators teaching English as a foreign language at Primary schools. It will also look at some possible advantages and disadvantages of using IWB, how easy or difficult it is to use, how it influences students' learning, what effect it has on their motivation, and what actually is so fascinating about it.

Key words: IWB (Interactive White Board), digital natives, visually-oriented, motivation, technology, benefits

Nowadays technology plays an important role in the field of education because of the increased number of digital natives - learners who have grown up with a host of relatively new technologies, including computers, cell phones and video games; they connect with friends and family through social networking, text messaging, and other technology-mediated approaches. According to Mark Prensky (2001), who coined the term digital native; repeated exposure to these technologies has resulted in